«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі

Аға тәлімгердің 2026-2027 оқу жылының қыркүйек айындағы Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар жоспарының айлық есебі

Аға тәлімгердің 2026–2027 оқу жылындағы қыркүйек айында «Жас ұлан» «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстардың айлық есебі

2026–2027 оқу жылының қыркүйек айында мектеп оқушыларының бойында отансүйгіштік, жауапкершілік, еңбекқорлық, ұйымшылдық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Жас Ұлан» «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылатын жұмыс жоспарына сәйкес бірқатар тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

Қыркүйек айындағы жұмыстардың негізгі бағыты – оқушыларды елін, жерін, Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, Конституциялық құндылықтарды дәріптеу, мамандық таңдауға бағыт беру, отбасы құндылықтарын насихаттау, жол қауіпсіздігін сақтау және қыз балалар тәрбиесіне көңіл бөлу болды.

1. Алғашқы қоңырау салтанатты жиыны

Оқу жылының басталуына арналған «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны ұйымдастырылды. «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны — жаңа оқу жылының басталуына арналған дәстүрлі мектепішілік мерекелік іс-шара. Оның негізгі мақсаты — оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтау, білім алуға деген қызығушылығын арттыру, мектепке деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Алғашқы мерекелік іс-шараны Мектеп директоры Ы.А.Жаутиков сөз сөйлеп, жаңа оқу жылымен барлық қатысушыларды құттықтап, білім жолында толағай табыстар тіледі. Сөз барысында мектеп директоры қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтау әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты екенін атап өтті. Оқушыларды өз Отанын сүюге, ел тарихын құрметтеуге, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге, заңды сақтауға және қоғамға пайдалы азамат болуға шақырды. Салтанатты жиын барысында мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата-аналар және оқушылар қатысып, жаңа оқу жылына ізгі тілектерін білдіреді. Әсіресе мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1-сынып оқушыларына ерекше көңіл бөлініп, олардың мектеп өміріне алғашқы қадамына сәттілік тілінеді. Сонымен қатар жоғары сынып оқушылары бүлдіршіндерге ақ жол тілеп, мектеп дәстүрін жалғастыруға үлес қосады. Іс-шара барысында Мемлекеттік Әнұран орындалып, мектеп директорының құттықтау сөзі, ұстаздар мен оқушылардың тілектері, мерекелік көріністер мен музыкалық нөмірлер ұйымдастырылады. Жиынның маңызды әрі әсерлі сәті — алғашқы қоңыраудың соғылуы. Ол жаңа оқу жылының басталғанын білдіреді. Іс-шара барысында оқушыларға Конституцияның мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызы түсіндіріліп, Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық жауапкершілік және ел болашағына үлес қосу туралы ойлар айтылды. Жаңа оқу жылына сәттілік тілектері білдіріліп, оқушыларға білім алудың маңыздылығы түсіндірілді.

2. «Жас Ұлан» ұйымының топ басшыларын тағайындау

Мектептегі «Жас Ұлан» ұйымының топ басшыларын тағайындау, міндеттерін бөліп беру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар арасынан белсенді, жауапкершілігі жоғары білім алушылар анықталып, оларға ұйымдық жұмыстарды атқаруға байланысты міндеттер бөлінді. Топ басшыларына өз сыныптарындағы оқушылармен жұмыс жүргізу, мектепішілік іс-шараларға белсенді қатысу, тәртіп пен ұйымшылдықты сақтауға ықпал ету бағыттары түсіндірілді.

3. «Мамандықтың бәрі жақсы» пікірталасы

Оқушылардың мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру, болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында пікірталыс ұйымдастырылды. Пікірталыс барысында оқушылар әртүрлі мамандықтардың қоғамдағы маңызы туралы өз ойларын ортаға салып, мамандық таңдауда адамның қабілеті, қызығушылығы, білімі мен жауапкершілігінің маңыздылығын талқылады. Оқушылар өз пікірлерін еркін жеткізіп, пікірталас мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік алды.

4. «Менің отбасым» эссе байқауы

Отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-анаға деген құрметті арттыру және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Менің отбасым» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Оқушылар өз шығармаларында отбасының адам өміріндегі орны, ата-ананың тәрбиесі, отбасы мүшелерінің өзара сыйластығы мен қамқорлығы туралы ойларын жазды. Байқау барысында оқушылардың шығармашылық жұмыстары жинақталып, мазмұны мен сауаттылығына назар аударылды.

5. «Жол белгілері еліне саяхат» көңілді үзіліс

Оқушыларға жол қозғалысы ережелерін түсіндіру, жол белгілерін дұрыс ажыратуға үйрету және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Жол белгілері еліне саяхат» атты көңілді үзіліс ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар жол белгілерімен танысып, олардың мағынасын ажырату бойынша түрлі тапсырмалар орындады. Көңілді әрі танымдық форматта өткізілген іс-шара оқушылардың қызығушылығын арттырып, жол қауіпсіздігі туралы білімдерін толықтыруға ықпал етті.

Сонымен қатар «Қыз тәрбиесі – ұлт мәртебесі» тақырыбында қыздар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыста қыз баланың әдебі, мәдениеті, өзін-өзі ұстауы, үлкенді сыйлау, жауапкершілік, жеке бас тазалығы және ұлттық құндылықтарды құрметтеу мәселелері қозғалды. Қыз балаларға өз болашағына жауапкершілікпен қарау, білімге ұмтылу және жақсы қасиеттерді бойына сіңіру жөнінде бағыт-бағдар берілді.

Қорытындылай келе Қыркүйек айынының жұмыс жоспарына сәйкес 6 бағыт бойынша тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шаралар барысында оқушылардың отансүйгіштік, жауапкершілік, ұйымшылдық, көшбасшылық, еңбекқорлық және ұлттық құндылықтарды құрметтеу қасиеттерін қалыптастыруға ерекше мән берілді. Өткізілген жұмыстар оқушылардың мектеп өміріне белсенді араласуына, өз ойын еркін жеткізуіне және қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қатысуына ықпал етті.